

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Дәулет Асқарұлы!

Сізді кәсіби мерекеңіз – Құрылысшы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялап, қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер жоғары бағалануға тиіс екенін атап көрсетті. Бұл орайда елдің мерейін өсіріп, экономикасын дамыту ісіне өзіңіз сияқты мәртебелі мамандық иелерінің қосып отырған үлесі өте зор.

Құрылыс индустриясы – отандық экономиканың жетекші салаларының бірі. Ол халықты сапалы әрі қолжетімді баспанамен қамтамасыз етіп, нақты сектор мен инфрақұрылымның дамуына тың серпін беріп отыр. Кәсіпке деген құрмет пен адалдықтың жарқын үлгісін көрсеткен Сізге ерен еңбегіңіз бен мінсіз атқарған қызметіңіз үшін алғысымды білдіремін.

Алдағы уақытта да қажыр-қайратыңыз бен мол тәжірибеңізді тәуелсіз еліміздің игілігіне арнайды деп сенемін.

Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге толағай табыс тілеймін!

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші орынбасары



Роман Скляр

Астана, Үкімет Үйі, 2025 жылғы тамыз